ЕШКІМ ДЕ, ЕШНӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтына Кеңес Одағының Батыры, академик-жазушы Мәлік Ғабдуллин есімі берілсе, әлмисақтан ерлікті мұрат тұтатын Алаш баласы үшін ақ жарылқап күн болар еді. Ұлттық құндылықты ұлықтаудағы себі зор бұл мәселе үш жылдан бері сағыздай созылып келе жатыр.

Ел күйзелген кезінде,
Ерлік еткен бауырым.
Жау жағадан алғанда,
Батырлық еткен бауырым.
Құтты болсын айтамын,
Шын жүректен Мәлігім!

Бауыржан Момышұлы.

Ер Мәліктің ерлігі үлгі шашса...

Кеңес Одағының Батыры, [illegible]

[illegible]

ұсынылатын тарихи тұлғалар тізіміне Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің есімін қосуды мен өзгерістер енгізуге ұсыныс берілді. Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинді ұлықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтына Мәлік Ғабдуллиннің есімін беру туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қолдау хат жолдаған. Одан кейін де тиісті орындарға ел тілегін арқалаған қаншама өтініш хаттар толғатылған.

[illegible]

– Техникалық институтта батыр бабамыз туралы көркем әдебиеттер мен ғылыми туындыларды оқыту [illegible]

балауса сезімдерді сіңірудеміз, – дейді институт бастығының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, полковник Кендебай Раимбеков, – батырдың туған күні ескерткішіне гүл шоғын қоямыз, мұражайына барып ерлік дәстүрлерімен танысып, ғылымдағы ұшан-теңіз еңбегінің тағылымын ұғынамыз. Институттың өзінде ер Мәліктің ерлігі үлгі шашу үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жас офицерлер кеңесі» жобасы әзірленген. Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің «Сұрапыл жылдар» кітабындағы материалдар негізінде бүгін күнде қанатты сөздерге айналған ой түйіндері жинақталып отыр. Мәселен, кеңес парақшасында «Шындық қандай қатал болса да, оған ашық қарау қажет», «Ұрыс басталмас бұрын қорқу – бұл мерзімінен бұрын жеңілу», «Әр адамның борышы – жолдасынан қиыншылықта қалдырмау» тәрізді [illegible]

[illegible]